



ХҒТАР 16.21.47  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2024-149-4-319-338>

## Инстаграм желісіндегі қазақ тіліндегі гендерлік антипаремияларға шолу

Ө.Қ. Абдиров<sup>id</sup>, Қ.Т. Бибеков\*<sup>id</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: orken1996@mail.ru, kanysh.bibekov@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақалада инстаграм желісінде тарап жүрген кейбір қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар жайы баяндалады. Зерттеу барысында қазақ инстаграм желісіндегі гендерлік антипаремияларды шолып, оларға сипаттама беру мақсат етілген. Тақырып аясында жинақталған материалдар сараланып, мазмұны мен құндылығына және құрылымына талдау жасалған. Талқылау барысында антипаремиялардың қоғамға прагматикалық әсері статистикалық әдіс арқылы анықталған. Антипаремиялардың мазмұны мен жасалу жолы түсіндіріліп, дәстүрлі инварианттармен салыстыра сипаттама берілген. Сипаттама беру барысында лексика-семантикалық, синтаксистік ерекшеліктер ескеріліп, мақал-мәтелдердің шығу көздері мен себебі жайлы этнолингвистикалық тұжырымдар жасалған. Кейбір антипаремиялардың жасалу уәждері және қазақ мақал-мәтелдерінің дәстүрлі құрылымын анықтау кезінде логикалық талдаулар мен амалдар қолданылған.

Паремияларды кешенді зерделеу келесідей қадамдардан тұруы қажет: зерттеу жұмыстары мен қолданыста жүрген талдауларды саралап, паремиялардың түсіндірме және функционалдық сөздігін түзу және жинақталған сөздік бойынша паремиялардың мүмкіндігінше этимологиясына бойлау. Бұл паремиялардың шығу тегі мен семантикасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы кезеңге дейінгі тақырыптық топтарға жіктеп келген паремиялардың морфологиялық, синтаксистік және логикалық құрылысын айқындау және жинақталған мәліметтерге сүйене отырып дәстүрлі қазақ ойлау жүйесінің алгоритмін жасау. Міне, осындай қадамдардан кейін паремиялық қор қайта тіріліп, ұлттық таным мен ойлау жүйесін айқындауда негізгі рөл атқара алады.

**Түйін сөздер:** антипаремия, антимақал, гендерлік лингвистика, паремнология.

## Кіріспе

Мақал-мәтелдер – көптеген халықтардың мәдениетінің ажырамас бөлігі және алдыңғы буынның даналығы мен тәжірибесін жеткізеді. Осы анықтаманы тезис ете отырып, қандай да бір халықтың мәдениеті мен өмір тәжірибелері өзгерген кезде мақал-мәтелдерінде өзгеріс пайда болады дей аламыз. Бұл құбылыс қазақ мақал-мәтелдеріне де қатысты. Қазір әлемдік және отандық зерттеулерде мақал-мәтелдердегі өзгерістердің әсерінен пайда болған туынды мақал-мәтел немесе туынды даналық сөздер «антимақал» деп қарастырылып жүр [1, 121-140 б.]. Біз мақалада өзгеріске ұшыраған паремиялардың мәселесіне тоқталып, қазақстандық инстаграмдағы таралып жүрген гендерлік антипаремияларға шолу жасаймыз. Зерттеулерде мақал мен мәтелді қатар қарастыру заңдылыққа айналып кеткен. Біз де дәстүрден ауытқымай (зерттеу мақсатымыз жеке қарастыру болмағандықтан) мақалға да, мәтелге де қатысты, ортақ «антипаремия» терминін ұсынамыз. Сонымен қатар мақаламызда «антипаремия» терминіндегі «анти» қосымшасын дәстүрлі мақал-мәтелдерге аксиологиялық тұрғыда қайшы келген паремияларды атауда қолдандық.

Соңғы XX-XXI ғасырлардағы ақпарат пен мәдениет алмасуларының жылдамдығынан, құндылықтардың да өзгеруі үдей түсті. Мұндай өзгерістер тілдік тұлғаның сөздік және саналық аясына әсері өте зор. Себебі құндылықтардың лингвистикалық таңбасы – сөз және сөйлеуден туатын үлкенді-кішілі бірліктер, сондай бірліктердің бірегейі – паремиялар. Олар тілімізде кейде тұрақты қалыпта, кейде өзгертілген күйде қолданылып жүр. Осы кезге дейін «мақал-мәтелдер тұрақты бірлік, олар өзгертілмеуі қажет» делінетін қоғамдық консервативті пікірлердің болғанын білеміз, бұл пікірлер өте маңызды және өзекті болып қала бермек. Өйткені мақал-мәтелдер – өзі «өмір сүрген» кезеңнің құндылығын белгілеуші маркерлік белгілердің бірі, сонымен қатар өзгеріс шамасы мен оның мазмұнын, бағытын, себебін де осы бірліктердің деформациясына талдау жүргізе отырып анықтауға болады. Ал шынайы қолданыста мақал-мәтелдер модификацияға ұшырай отырып, әлемдік мәдени жылысулар мен кірігулердің әсерін тануға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердегі тақырыптық және құрылымдық өзгерістер мен олардың актуалдылығын анықтау тіл ғылымына ғана емес, мәдениеттану мен әлеуметтану үшін де маңызды процесс. Қазақ тілі әлемдік тілдердің ішінде сандық технологияға бейімделіп жатқан тілдердің бірі болғандықтан, ғаламтордағы мақал-мәтелдердің өзгерісін бақылау қажеттілігі арта түспек. Осындай қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында мақалада инстаграм желісіндегі гендерлік түркі, қазақ мақал-мәтелдерінің өзгерістеріне шолу жасалынады. Шолу барысында антипаремия ұғымына жекелей тоқталамыз және олардың пайда болу себептеріне, жасалу уәждеріне, прагматикалық әсеріне тоқталамыз.

## Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы инстаграм желісіндегі қазақ мақал-мәтелдеріндегі өзгерістерді сипаттауға бағытталғандықтан, іздеу, жинақтау, саралау, талдау, салыстыру әдістері

қолданылды. Жекелей алғанда аксиологиялық тұрғыдан құндылықты бағалау әрекеті де ара-тұра қолданылды. Антипаремиялардың әлеуметтің назарын аударта алу қабілетін анықтау барысында инстаграм желісінің өзі ұсынатын қаралымдары мен лайк (лүпіл) сандарын және пікірлерді қоса есептеуде статистикалық есептеу жүргізілді. Аталған әдістер арқылы антипаремиялардың мазмұндық сипатынан бөлек, прагматикалық потенциялына да сандық тұрғыда баға беруге болады. Кей ұғымдар мен сөздерге түсінік беру үшін логикалық талдау жасалып, шартты формулаларға да жүгіндік.

### Әдебиеттерге шолу

Мақал-мәтел – ділмардан шығып, халық санасында сарапталып осы күнге дейін екшеліп жеткен әлем халқына ортақ мұра. Ал сол мұраның грамматикалық, мазмұндық, функционалдық, прагматикалық қабаттары да классикалық жолмен қалыптасып жеткен. Дүниежүзінің данышпандарының қалдырған осынау мұрасын халқы қажетінше қолданып келеді. Ғаламдағы адамзаттық құндылықтардың ауысуы ғылыми жаңалықтардың ашылуы, жаулаушылықтар, сауда және мәдени көштен туындайтынын білеміз. Қазіргі кезде ғаламдағы ақпарат алмасу жылдам жүзеге асып жатыр, сәйкесінше құндылықтар да жылдам жылыстауда. Мұның салдарынан ойлау мен сөйлеу жүйесінің өзгеруде. Бұл өзгерістер қасаң қағидаға сүйенген, сан ғасыр өзгеріссіз келе жатқан паремиологиялық қабатқа да жетуде.

Антипаремия – бұл қызықты тілдік құбылыс. Қазіргі уақытта мақал-мәтелдерді қолданушылар, әсіресе белгілі бір трансформацияларды бастан өткеріп, ілгергі буыннан мұраға қалған мазмұнды өзгертуде. Олар паремиялардың мазмұнында жатқан ақыл-кеңестер мен нұсқауларға қарсы жаңа философияны ұсынады. Бұл өзгерістер өткен кезең мен қазіргі шындықты бейнелейді. Осылайша, ескі даналық сөздерге жаңа көзқарас туындайды. Солайша дәстүрлі паремиялар жаңа тіршілік күйіне өтеді.

Паремиологтардың пікірінше, трансформацияланған мақалдардың феномені бұрыннан бар динамикалық құбылыс болып табылады және соңғы онжылдықтарда оның көлемі соншалықты өсті, "псевдомақал" бастапқы мақалдардан гөрі жиі кездеседі. Алайда, антимақалдардың алғашқы жинақтары тек 1980 жылдары жарық көрді. Неміс паремиологиясының маманы В.Мидер алғаш рет "трансформацияланған мақалдар" терминін зерттеп, оларды сипаттау үшін "антимақал" терминін енгізді [2]. Біз зерттеуіміздің басында аталмыш терминнің орнына «антипаремия» терминін қолданатынымыз жайлы ескерткен болатынбыз.

Антипаремия бастапқы паремияның мағыналық антиподы ретінде құрастырылған сөз ойыны ретінде анықталады. Егер паремия немесе мақал үйретуші рөл атқарса, антипословица моральдық және тілдік нормаларды мазақтап, бұзуға бағытталған. Б.Ю. Норманның айтуынша, мақал-мәтелдердің көпшілігі ескі, яғни халықтың қазіргі емес, өткен рухани жағдайын көрсетеді. Бұл халықтың өмірі әртүрлі факторларға байланысты үнемі өзгеріп отыратынын, сондықтан көзқарастар, түсініктер, идеологиялар мен моральдың өзгеретінін білдіреді. Мұның бәрі табиғи түрде паремияларда көрініс табады [3,173 б.]. Ә.Қайдар «Мақал-мәтелдердің үйреншікті, дәстүрлі қолданысында олардың

құрамдас элементтері реті де, саны жағынан да, тұлғасы жағынан да тұрақты болады» десе де, уақыт өте келе осы паремиялардың негізінде жаңа түсініктер қалыптасатынын ескертеді [4]. Айтушы ойды я жағдаятты бағалау, сараптау, әртараптандыру секілді басқа да прагматикалық мақсаттарына сәйкес мақал-мәтелдерді өзгертіп, бұрмалап жатады. Жоғарыда айтылған жаңа түсініктер сол ілкі паремиялар негізінде қалыптасады десек те болады. Себебі қалыптанған стереотиптерге жанама жаңа ой, жаңа түсінік немесе қарама-қайшы құндылық пайда болғанда, сол ұстанымдағы кейбір авторлар әуелгі паремияларды бұрмалап пайдаланады. Алайда Ә.Қайдар бұл жағдайдың олардың жалпы мазмұнына, мағынасына, тұтас сөз тіркесінің негізіне, образына еш әсер етпейтінін ескертеді. Ғалым мұндай мақал-мәтелдерді «тұлғалық түрленуге байланысты, тіл тәжірибесінде бір-ақ рет қолданылатын» өзгертін «инварианттар» деп атаған. Қалай десек те мақал-мәтел тілдің өзі секілді жанды құбылыс екені сөзсіз. Өзгерістерінің де түрлі уәждері болады. Осы кезеңге дейін мақал-мәтелдердегі өзгерістер құрылымына, мазмұнына, мақсатына қарай жіктеліп жүрді. Ғалым Ә.Қайдар мақал-мәтелдер құрамдық өзгеріске жеңіл-желпі түрде ұшырайды дей келе, оларды: парадигматикалық варианттар, синонимдік варианттар, эллипсистік варианттар, метатезалық варианттар деп топтастырды [4, 109 б.]. Бұл көзқарасқа ешқандай дау жоқ. Паремиялық бірліктерді лингвистикалық тұрғыда қарастырудың өзі енді қалыптасып келе жатқан саланың бірі. Осы кезеңге дейін мақал-мәтелді ауыз әдебиетінің үлгісі ретінде немесе фразеологизм нысаны ретінде қарап келдік. Ал антропоцентристік тұрғыдан зерделеу мақал-мәтелдерге неолингвистикалық тораптарға жол ашты. Біздіңше, адам өзекті парадигма тұрғысынан кешенді зерттеу жасау үшін паремиялық бірліктерді «тіршілігін» динамикалық күйде бақылап, нәтижесін үнемі талдап отыру қажет. Мәселен, қандай мақсатта, қалай, қашан қолданылғаны, әсері, ілкі және жапсар құндылықтарының өзгерісі, қолданушылар және олардың әлеуеті, адресаттар мен олар туралы деректер саралануы қажет. Бұл кешенді талдаулар тілдік қордың хронологиясын түзуге, өзгерісін болжауға әсер етеді. Адам санасы ақпарат тұтынатын және өндіретін ортада жетіледі десек, сондай ортаның бірі – инстаграм желісі. Инстаграм Meta платформасының құрамындағы әлеуметтік желі ретінде адамдарға шынайы өмір иммитациясын сезіндіруге ұмтылып келе жатыр. Сол себепті мұндағы қазақша дискурс элементтерін зерттеу аса маңызға ие. Егер инстаграм секілді платформалар көздеген межесіне жетер болса, біз виртуалды түрде әртүрлі кезеңдерге саяхат жасай аламыз. Онан да маңыздысы шынайы өмір иммитациясына илана бастасақ, шынайы өмір қажеттіліктерін мейлінше сонда өтейтін боламыз. Қажеттіліктердің басым бөлігі коммуникациялық (негізінен, платформа коммуникациялық мақсатта құрылған болатын) бағытта болғандықтан, біз үшін маңыздысы: ұлттық коммуникациялық бірліктеріміздің сапалы сандық қоры мен қолдану алаңын кеңейту болып отыр. Е.Аасланд [5], Г.Омарбекова [1] зерттеулерінде мақал-мәтелдердің мақсатты қолданыстарының әсерінен интернет алаңдарында өзгеріске түсіп жатқаны жайлы кеңінен қарастырылған. Расында, қазіргі интернет тораптарында, әсіресе, әлеуметтік желілерде мақал-мәтелдердің өзгеріске ұшырауын жиі байқаймыз. Ал соңғы кезеңдерде гендерлік мақал-мәтелдердің инварианттары оқтын-оқтын ұшырасып жүр. Қазақ тіліндегі әлеуметтік желі контенттерінде әлеуметтік,

экономикалық, тұрмыстық тақырыптардағы антипаремиялар үйреншікті құбылысқа айналып кеткенімен, гендерлік тақырыпта антипаремиялардың пайда болуы соңғы он жылдыққа тән деп ойлаймыз. Себебі де әлеуметтік желі тұтынушыларының қоғамдық-саяси және әлеуметтік жағдайларға белсене араласуы секілді. Әсіресе жалпы қоғамдық стереотиптерге қарсылығы бар тұлғалар өз ойын антипаремиялар арқылы білдіру жиілігі артқан. Жалпы осындай әрекеттерден біз осыған шейін қалыптасқан стереотиптердің әсерін, қоғам өкілдерінің стереотиптерге реакциялары мен пайда болған ішкі құндылықтарын парықтай аламыз. Бұл жағдай ілкі паремияны жаңа күйге түсіріп, инвариант тудыра алады. Ал ондағы прецеденттік қасиет жоғала қоймайды. Себебі паремиялар ақпарат жеткізудің ерекше қасиетіне ие. Ол қасиет – сабақтастырғыш қасиет. Қарсылықтың өзі алғашқы көзқарастың барын жоққа шығармайды. Сол арқылы ілкі ақпаратқа қол жеткізуге үнемі мүмкіндік болады. Жалпы гендерлік мақал-мәтелдердің прецедентті феномені бізге дейін де қаралған. А.Игисина мен Г.Раева өз зерттеулерінде қазақ әйелінің болмысын көрсететін ұлттық прецедентті феномен ретінде мақал-мәтелдерді де қарастырады. Зерттеу нәтижесіне мен қорытындысын сараптай келе мақал-мәтелдер арқылы қазақ әйелінің стереотипті тілдік бейнесін байқауға болады. Гендерлік тақырыптағы мақал-мәтелдерді зерттеу нысаны еткен Ш.Мажитаева мен А.Тажикеева «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің уәжділігі (гендерлік қыры)» мақаласында мақал-мәтелдердің гендерлік ерекшеліктерін анықтау үшін оларды қоғаммен тығыз байланыстырып қарастыру қажеттігін айтады. Авторлар әйелдер мен ерлерге қатысты мақал-мәтелдерді Қазан төңкерісіне дейінгі және Қазан төңкерісінен кейінгі деп екі топқа бөледі. Мысалы, Қазан төңкерісіне дейінгі мақал-мәтелдерде әйелдердің ерлерге қарағанда қоғамдағы орнының әлдеқайда төмен екенін байқауға болады: "Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық", "Қатын бастаған көш оңбас", "Қатын бастаған ел қараң қалады", "Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа"[6: 93-108]. Қазан төңкерісінен кейінгі саяси-әлеуметтік өзгерістер көрсетілген мақал-мәтелдермен мазмұндас паремиялар қолданысына біраз өзгеріс әкелгенімен, ел ішінде әлі де белсенді қолданыста екенін жоққа шығара алмаймыз. Құндылықтардың алмасуына қарамастан осындай мақал-мәтелдер халық жадынан шыға қоймаған. Демек халық белгілі мерзім аралығында паремиялық қордың заңды иесі ретінде оларды қажетіне сай еркін қолданады, кейде өз когнитивтік жүйесінің эталоны ретінде бекітіп, аксиологиялық бағытын айқындайды. Ал жалпы халықтық құндылыққа сәйкес келмеген кезде пассивті қабатқа өткізеді немесе өзгертіп қолданады. Біздің нысанымызда өзгертіп қолданудың енді байқалып келе жатқан «өнімі» – инстаграм желісіндегі гендерлік антипаремиялар.

### Нәтижелер мен талқылаулар

Мақал-мәтелдерегі ойлар кеше-бүгін туған ойлар мен көзқарастар емес. Тіпті бір паремиядағы салыстырулар, теңеулер мен кеңестер бір кезеңде тұмаған болуы да мүмкін. Жинақталған көзқарастар мен қысқартылған, қосылған, алмастырылған немесе кеңейтілген паремиялардың туындысы болуы әбден мүмкін. Алайда онда не құрылым, не мазмұн/қарсы мазмұн сақталып өзінің түпкі сипатын жоймайды. Себебі қолданушы

оны өзгерткен кезде белгілі шарттылыққа сүйенеді. Соның арқасында ілкі нұсқа қайта ортаға шығып отырады. Мақал-мәтелдердегі астарлы ой мен кеңестерге қарсылық XIX ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің көрнекі өкілі Абай шығармаларында да кездеседі. Абай өзінің бесінші қара сөзінде: «Қазақтар: «Ә, Құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» – деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың, әуелі: – «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр. Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен», – деп қазақ мақалдары арқылы өз халқының сол кезеңдегі позициясын сынға алады [7]. Кейінірек «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деп келетін Абайдың шығармашылығының үзіндісі мақалға айналып, ел ішіне кең тарады. Ақын қара сөздерінде бұдан да өзге мақал мазмұнын сынап қараған алғашқы айқын қарсылықтар молынан кездеседі. Алайда Абай мақалды құрылымдық я мазмұндық жағынан өзгертіп қолданғанын байқамаймыз.

Осы кезге дейін қоғамдық-әлеуметтік үндеулер мен көзқарастар тікелей жарияланып келсе, соңғы жылдары кейбір авторлар қалыптанған тілдік стереотиптерге құрылымдық және мазмұндық өзгерістер енгізу тәсілін пайдалануда. Тілді тірі құбылыс десек, өзгерістер жүруі заңды, оны байлап-матап ұстау мүмкін емес. Кейбір паремиялық инварианттар осындай жаңа дәуірге бейімделуден туындап жатады. Кейде жағдаятқа байланысты синонимдік қатарлар пайдаланылғаны болмаса, түпкі мағынаға мақсатты түрде қарсылық сезілмейді. Ал кей авторлар әзілдеу мақсатында немесе қолданысы ұтымды шығу үшін дыбыстық өзгерістер жасап жатады. Бұл бір реттік қолданыстарды мақсатты құндылықтық қарсылығы болмағандықтан антипаремия деп атау қиын. Біздіңше, халықтық стереотиптен туындаған және жасалу уәжі дәстүрлі паремия құндылығына қарсы мақал-мәтелдер ғана антипаремия қатарына ену қажет. Себебі дәстүрлі мақал-мәтелдердің көпшілігі универсал тақырыптарға арналған, яғни ондағы сөз емес, сөз астары, айтпақ ойы маңызға ие. Мысалы «Ел боламын десең бесіңді түзе/Ел боламын десең блогыңды/шекараңды түзе» қолданысында алғашқы нұсқаға қарсылық байқалмайды. Керісінше сол айтылған тәмсіл мен ақылға үстеме кеңес берілген. Мұны ауытқу немесе жаңа/төл авторлық қолданыс десек болғандай. Ауытқуларды тіркеп, зерттеу қажет-ақ. Алайда оларды анти паремияларға кіріктіріп жіберу қателік секілді. Себебі мақалдың өзі сөзге тек көрік беру үшін қолданылмайды, сәйкесінше мақал-мәтелді көріктендіру үшін жасалған өзгеріс те ілкі

мақалдың мақсатына қарсылық келтірмейді. Әуелі мақалдың прагматикалық мақсаты, қалыпты мазмұн интенциясын айқындап алу қажет. Әдетте инварианттар негізгі мазмұнның перифериялық аймағында жатады. Ал қазіргі антипаремиялар дәстүрлі паремияға және инварианттарына да мақсатты түрде қарсы уәжде шығарылып жүр. Сондай паремиялардың бірі – «*Әйел бастаған көш оңады (04.06.2024)*». @tanda.bilim(эл. мекенжай: <https://www.instagram.com/tanda.bilim?igsh=MXh5ZjV4ZGJ5ejR30A==> ) деген атаумен белгілі парақшада жарияланған осы антипаремия тақырып бөлігі ретінде алынған. Пост мазмұнында әлемдегі ел басқарған әйел президенттерге тоқтала келе, «200 жылда алғаш рет әйтеуір дегенде Мексиканы әйел президент басқаратын болды» делінген. Автор «Біздікі (Қазақстан авт.) жарты ғасырға созылмай тұрғанда әрекет етейік» деп, оқырманға гендерлік теңдік немесе феминистік үндеуін жолдайды. Бізге дәстүрлі қолданыстан «*Қатын бастаған көш оңбайды, Құралай бастаған құс оңбайды (ауызекі: [https://sn.kz/okigalar/70243-ku-ralai-degen-kandai-zharatylys/Қатын\\_әйел\\_бастаған\\_көш\\_оңбас\(ауызекі\)\\_Қатын\\_бастаған\\_ел\\_\(халық\)\\_қараң\\_қалар](https://sn.kz/okigalar/70243-ku-ralai-degen-kandai-zharatylys/Қатын_әйел_бастаған_көш_оңбас(ауызекі)_Қатын_бастаған_ел_(халық)_қараң_қалар) (БС: 65-66 Т)*» секілді мақалдар белгілі. Аталмыш антипаремия осы қолданыстарға қарсы мақсатта шығарылса керек. Зерттеу барысында мақалдың «Бозбаланың бастаған елі оңбайды, Құралай бастаған киік оңбайды (БС: 66 Т)» нұсқасын да көзіміз шалып қалды. Алайда автор белсенді қолданыстағы нұсқасына қарсылық білдіру жолын таңдаған секілді. Ендеше антипаремияның мазмұны мен дәстүрлі қолданыстағы паремияның мазмұнына аз-кем шолу жасап көрейік. Паремияның өзі ескерту мақсатында айтылғаны анық. Ер мен әйелді салыстыру, олардың құқығын анықтау мәселесі қазір өте кең тарап жатыр. Екі мақалдың мазмұнына логикалық және семантикалық талдау жасап көрейік.

*Паремия: "Әйел бастаған көш оңбас"*

*Тура мағынасы:* Бұл мақалдың мағынасы әйелдің жетекшілік етуі тиімсіз немесе табысқа жеткізбейді дегенді білдіреді. Мұнда әйелдердің жетекшілік ету қабілеттеріне күмән білдірілген немесе дәстүрлі гендерлік рөлдерге негізделген теріс көзқарас көрсетілген.

*Антипаремия: "Әйел бастаған көш оңады"*

*Мағынасы:* Бұл мақал әйелдің жетекшілігі табысты болуы мүмкін немесе қоғамға пайда әкелуі мүмкін дегенді білдіреді. Мұнда әйелдердің жетекшілік ету қабілеттеріне оң көзқарас білдірілген.

Паремияға логикалық талдау:

*Қоғамдық және мәдени контекст:*

Мұндай мақалдар патриархалды қоғамдарда кең таралған, онда ер адамдарға жетекшілік ету рөлі тән деп саналады;

Тарихи тұрғыдан көптеген қоғамдарда әйелдердің білім алу, саясатқа араласу немесе бизнес жүргізу мүмкіндіктері шектеулі болған.

*Жалпылау:*

Мақал жеке әйелге немесе жеке жағдайға негізделмеген. Ол барлық әйелдерге бірдей қатысты деген жалпылама көзқарасты білдіреді;

Логикалық тұрғыдан мұндай жалпылама пікір қате болуы мүмкін, өйткені әр адам жеке қабілеттері мен мүмкіндіктеріне байланысты әртүрлі жағдайларда әртүрлі нәтижелер көрсете алады.

Паремияның астарлы мағынасына талдау: Мақалдың бірнеше қолданысы барын жоғарыда атап өттік. Мақалдың ілкі нұсқасын іздестіру барысында «Бозбаланың бастаған елі оңбайды, Құралай бастаған киік оңбайды (БС: 66 Т)» деген мақалды да көзіміз шалды. Оны қоса-қабат тексеруге себеп болған «Қатын бастаған көш оңбайды, Құралай бастаған құс оңбайды (ауызекі:<https://sn.kz/okigalar/70243-ku-ralai-degen-kandai-zharatylys>) қолданысындағы «құралай» сөзі. «Құралай» деп жалпылама киік баласын атайтыны бәрімізге мәлім. Алайда *Құралай бастаған киік оңбайды*~*Құралай бастаған құс оңбайды* деген инвариантын салыстыра қарасақ, «құралай» сөзінің құсқа да қатысы барын аңғарамыз [<https://sozdikqor.kz/soz?id=337697&a=QURALAI>]. *Бозбала*~*құралай* жұбында жас ерекшелігі бойынша салыстыру логикалық қисынға келеді. Ал *қатын*~*құралай* нұсқасына келсек, аналогиялық тұрғыда логикалық қисынсыздық байқалатындай көрінеді. Ендеше, екі сөздің коннотациялық мағыналарына үңіліп көрелік. Денотатты мағынада «қатын» сөзі *ердің жұбайы, хан тұқымының қызы, әйелі* деген мағынада ұғынылса, коннотатты мағынасында *сужүректік, қорқақтық* қасиеттері бар. Мысалы, Сен емессің, емессің! *Сен емессің! Жақсылық көрген емес сенен ешкім. Сен өсекші қатынсың, ер емессің! Алаңысың төбелес, ерегестің* (<https://sozdikqor.kz/soz?id=173049&a=QATYN>) – деген өлең жолдарынан аңғаратынымыз да сол «ер» мен «қатын» сөздерінің астарында тек жыныстық мағына жатқан жоқ. Мұнда ерлік жақсылық, бір сөзділік, батырлықпен сипатталса, қатындық өсекшілікпен, жамандықпен, қорқақтықпен сипатталған. Ахмет Йгүнеки де өзінің «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде: «*Білімді әйел – ер, надан еркек – әйел*» деп келтірген [8:36]. Түркі әдебиетінің ислами түсінікпен астасқан кезеңінен хабар беретін бұл еңбекте «ер» мен «әйел» сөздері білімділік пен надандықтың символы ретінде бинарлы көрініс тапқан. *Қатын*~*қорқақ*~*надан* сөздеріне ортақ негативті коннотация бар дейтін болсақ, логикаға сай «құралай» құстың да сондай «әлсіздігі» болуы қажет. Ақтамберді жыраудың «*Тобыршықты әндіген Толтыра тартар ма екеміз?! Тобылғы түбі құралай, Бытыратып атар ма екеміз!*» деп келетін өлең жолдарындағы құралайды ағаш пен бұта түбін паналайтын майда құс деп тануға болады. Демек «Әйел бастаған көш оңбас» мақалындағы басты адресат әйел жынысты кісі емес, оны инвариант паремиядағы «Бозбаланың бастаған елі оңбайды...» деген бөлігі айқын аңғартып тұр. Екі паремия да «әйел, қатын, бозбала, құралай» сөздері «әлсіз, қорқақ/надан, әлжуаз, кішкентай» сипаттармен үндеседі.

Жоғарыдағы талдауларға сүйене келе, паремияны тура мағынада түсінген автор мақал мазмұны әйел жынысына қарсы айтылған деп ұғып, ақпарат(пост) жазу барысында антипаремия жасауы мүмкін деп топшылаймыз.

Прагматикалық әлеуеті: Зерттеу жасалған уақытта @tanda.bilim парақшасында 5546 жазылушы болды. Оның 356-сы аталған постқа оң көзқарас танытып, «лайк» басқан және 12 пікір жазылған. Пікірлердің екеуі – меритократияны жақтаса, қалғандары пост интенциясына қосылған. @tanda.bilim танымдық парақша екенін ескерсек, антипаремияның негізсіз екеніне ешкім назар аудармағаны келесідей екі ойға жетелейді: 1) паремияның астарлы мағынасын түсінбегендіктен антипаремиядағы позицияға қосылған; 2) басты назарда саяси гендерлік теңдік болғасын, паремия антипаремияның дұрыс нұсқасын зерттейді.



Инстаграм желісіндегі антипаремиялардың қолданылуында авторлардың тарапынан дұрыс нұсқасына немесе инварианттарына түсініктеме беріле бермейді. Себебі пост жазудағы мақсат басқаша болуында деп түсінеміз. Жоғарыда айтқанымыздай кей паремияны пост мақсатына қарай да қолданып жатады. Соның бірі «Айналып келген ат қазығына оралмасын» антипаремиясы. Автор инстаграм желісінде @akerke\_abilkhan(эл. мекенжай: [https://www.instagram.com/akerke\\_abilkhan?igsh=ODF2dzlhN3lrNmZ3](https://www.instagram.com/akerke_abilkhan?igsh=ODF2dzlhN3lrNmZ3)) атымен тіркелген. Антипаремия 2023 жылдың 4 қыркүйегінде жарияланған. Антипаремияның «*Ат айналып қазығын табады, Су айналып жазығын табады*», «*Ат айналып қазығын табар, Ер айналып елін табар*», «*Арқанды ат қазығына оралар*» (БС: 65-66 Т) деген дәстүрлі нұсқасы мен инварианттарын «Бабалар сөзі» көптомдығынан таба аламыз. Автор өз жазбасында: «*Ат айналып қазығын табар, Ер айналып елін табар*» деген әжептәуір мақал бар қазақта. Бірақ бұл мақалдың алғашқы сөйлемін біздің қоғам басқа әйелге басы ауып кеткен, тоқал алып алған, жүріс жүретін еркектердің жат қылығына кешірім беру ретінде, әрі ақтап алу мақсатында жиі қолданатыны рас. Осы мақсатта қолданатын мағынасына талдау жасаймын, мақалға емес!» деп ескертіп кеткен (<https://www.instagram.com/reel/Cwxy1PsL17x/?igsh=MTRsamk5YWN3MW9pNQ==>). Жазба мазмұнына назар сала келе, мәтінде *ат – ер, қазық – әйел* метафоралары қолданылғанын және «отбасын/әйелін тастаған еркектің қайтып келгені керек емес» деген нарративті байқаймыз. Сонымен бірге автор мақалдың бірінші бөлігі тек атқа қатысты, яғни ол «малға жарасатын тірлік» дейді. Паремияның мағынасына және логикалық құрылымына талдау жасап көрейік:

Паремияның синхронды күйіне назар салып, халықтың қолданысына қарай ел мен жерге қатысты мақал екенін айқын аңғаруға болады. Мақалдағы *ат, айнал, қазық, ер, ел* сөздері көшпелі өмір салтын ұстанған халыққа тән. Қазақ халқы ертеден төрт мезгілде төрт түрлі қонысты мекен етіп, мал жайын бағып, белгілі аймақта айнала көшіп жүрген. Одан бөлек жаугершілік заманда жұрты қалып, елден еріксіз жырақ кеткен ерлер де біраз болған. Жерінен жырақ кеткен жылқы да, елінен алыс кеткен ер де түбі туған мекеніне оралады немесе сол аймаққа деген сағынышпен жүреді деген қазақ халқына тән түсінік ежелден бар. Ө.Әлімгерейұлы «Тегінде мал атаулының қай-қайсысы да тіпті ит-мысыққа дейін өзі өскен қонысын, құдығы мен қорасын, үйін тәуліктің қай шағында да жаңылыспай табады. Әкемнің айтуынша, біздің өңірде 1949 жылдың қысы қары қалың, аязды, боранды болыпты. Малшы болғасын күні бойы үйір-үйір жылқыны өрістері бойынша түгендеп, тебіндеп жайылар шөбі бар ықтынды жерге жинақтап, өзі іңірлетіп үйге қайтады. Бірақ, кейде аяқ астынан ауа райы күрт бұзылып, қар бұрқайды, боран соғады. Онда көз көрсетпес ақтүтек үдеп, үй қайда, өзің қайда екенді де білмей қалатын кез болады. Амалсыздан астындағы атыңа сенсең, тізгінді бос жіберіп, соған ерік бересің. Ондайда қорадан шөп, қолдан жем жеген, қолда ұстап-тұтқан мініс атың қандай боранда да дес бермей тастай түннің өзінде маңдайын туған үйге, өз қорасына тірейтін көрінеді. Міне, жершілдік.» – деп, жылқы малының өз үйін қандай жағдайда да тауып келетіні жайлы айтады [9].

Паремияның тура мағынасының өзі қазығынан алыс кетпейтін ат пен елінен алыс кетпейтін ер жайлы. Инварианттар да табиғат жағдайындағы судың жазыққа қарай жайыла ағатынын суреттеп осы мағынаны түспалдайды.

Логикалық құрылымы:

*Аналогия:* Мақал аттың өз қазығына қайтуымен адамның өз еліне оралуын салыстырады.

*Жалпы мағына:* Адам қандай жағдайға түспесін, өмірінің қиын-қыстау кездерінде де, туып-өскен жерін, елін аңсап, оралуға ұмтылады.

*Шартты байланыс:* Аттың айналып келуі мен адамның айналып келуі ұқсас процестер ретінде беріледі, бірақ екеуі де өмірде қайталанатын табиғи құбылыстар ретінде қарастырылады.

Логикалық қатынас:

*Метафора:* Аттың айналып келуі адамға қатысты метафора ретінде қолданылады.

*Универсализм:* Мақал жалпы адамзаттық құндылықтарды көрсетеді, өйткені туған жерге, отанға оралу сезімі көптеген мәдениеттерде кездеседі.

Біздіңше, паремияның әйелінен алыс кетіп, кейін қайта оралатын еркек жайлы нұсқасы ХХ ғасырдағы қазақтың белгілі ақыны әрі сыншы, аудармашысы Жарасқан Әбдірашев жанынан туындаса керек. Олай дейтін себебіміз ақынның жары Н.Нұрғалиқызы ақын жайлы естелігінде: «Ұзақ уақыт өлең тумай, өз жанын өзі жеп, қайда қоярын білмей бір сергелдең күйге түсетін-ді. Ары-бері жүріп алатын. Не болмаса жанарын бір нүктеге қадап, үнсіз ұзақ отыратыны бар. Ондай сәттерде «жігітшілік» құрып, біраз уақыт «жолаушылап» кететін тұстары да болған. Сондай сәттерде туған: «Ат айналып қазығын табады, Жарасқан айналып Нәзігін табады» деген әзілге құралған өлеңнің астарында үлкен сыр жатыр.» – деп сыр шертеді [10]. Ақынның күрделі жағдайдан шығу интенциясынан туған антипаремия осылайша ел арасына кең тараған болуы мүмкін. Вальтер өз еңбегінде бұл типтегі антипаремиялардың (Вальт. антимақал) туу себебі жайлы: «Антимақалдардың пайда болуының бір себебі – тілдік экспрессивтілік заңдылықтарының жүзеге асуы. Бұл заңдылықтар өмірдегі монотондықты әзіл, юмор және күлкі арқылы жеңілдетуге деген қажеттіліктен туындайды. Күлкі – өмірлік жағдайларға белсенді қатынас құралы болып саналады. Философияда күлкі комизммен байланыстырылады. Антимақал басқа жанрлар сияқты комедиялық әсерлерді қалыптастыруда маңызды құралдардың бірі ретінде танылған және оны осы қасиеті арқылы пародияның бір түріне жатқыза аламыз. Пародия, көбінесе, танымал мәтінге еліктеуге бағытталған болса, антимақал белгілі бір жағдайларды әзілмен және ирониямен қарастыратын мини-пародия ретінде сипатталады» деген пікір білдіріп, оларға мини-пародиялық сипат береді [11]. Біздіңше, мұндай қолданыстар ілкі паремия уәжіне қатысты жаңылыс я жаңа түсінік тудырып қана қоймайды, мақалды жаңа мақсатта қолдануға мүмкіндік ашады.

Аталған антипаремия негіз болған пост жарияланған мерзімінен бастап 140000 қаралым, 4783 лайк, 307 пікір жинаған. Пікірлердің 60% астамы антипаремия мен автордың талдаған нұсқасына жақсы баға берсе, біразы мақал мазмұны бұрмаланғаны жөнінде пікір қалдырған, ал қалғаны түрлі «эмодзи» арқылы авторға қолдау білдірген. Отбасылық мәселелер қай кезде болсын маңызды болған. Антипаремиялар да осы мәселеге байланысты ой қозғаушыларға тиімді құрал болуға қабілеттілігін танытуда.

Инстаграм желісіне 2017 жылдың қараша айында тіркелген, қазір @manshuq\_media (эл. мекенжай: [https://www.instagram.com/manshuq\\_media?igsh=dmd5dDkwMHk1bGQ0](https://www.instagram.com/manshuq_media?igsh=dmd5dDkwMHk1bGQ0))

атымен 33,1 мың оқырманға тұрақты ақпарат таратып отырған агенттік парақшасында да бірнеше гендерлік сипаттағы антипаремиялар ұшырасады. Аталған агенттік өздерін әйелдер қоғамдастығы ретінде таныстырады. Парақшада негізінен әйелдердің құқығы, денсаулығы және әлеуметтік рөлі секілді тақырыптарда мәселе қозғалады. Сол тақырыпта жазылған посттардың бірінде келесідей антипаремиялар легін көзіміз шалды: *Асық ойнаған озар, Доп ойнаған тозар* →← *Феминист болған озар, Сексист болған тозар; Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды* →← *Жақсы әйел өзіне ұнамайтын іс қылмайды; Заман бұзыларда әуелі әйел бұзылады* →← *Заман бұзыларда әуелі еркек құтырады; Бір қыз тұрмысқа шықса, Мың қыз түс көреді* →← *Бір қыз жетістікке жетсе, Мың қыз шабыттанады; Қайтып келген қыз жаман* →← *Қайтып келген қызда нелерің бар?; Қатын бастаған көш оңбас* →← *Қатын бастаған көш көкке көтерілер (Бұл антипаремияға мағыналас антипаремия жоғарыда талданды); Екі әйел басы қосылса, Үшінші әйелдің соры* →← *Екі әйел қосылса, Үшінші әйелдің қолдауы* ([https://www.instagram.com/p/C7gZ\\_Pn taBW/?igsh=MXQ5bGJnNGtzeHc0MQ==](https://www.instagram.com/p/C7gZ_Pn taBW/?igsh=MXQ5bGJnNGtzeHc0MQ==)).

1. Асық ойнаған озар, Доп ойнаған тозар →← Феминист болған озар, Сексист болған тозар

*Лингвистикалық талдау:* «Асық ойнаған озар, Доп ойнаған тозар»

*Сөздік құрамы:* «Озар» (алға шығу) және «тозар» (кері кету) сөздері контрастты білдіреді. «Асық» – дәстүрлі қазақ ойыны, «доп» – қазіргі заманғы спорт түрі.

*Құрылымы:* Қарама-қарсылықты білдіретін қос параллель тіркес арқылы пікір айтылған. Дәстүрлі нұсқалардың бірінде: *«Доп ойнаған тозар, Асық ойнаған озар. Бәрінен де қой бағып,*

*Көтенін жеген озар»-деп келеді (БС:65-66 ТТ.). Аналогия жасай отырып, нәтижені көрсетеді.*

*Семантикасы:* Дәстүрлі және қазіргі құндылықтарды салыстырып, дәстүрдің ұтымдылығын айқындайды. Паремия негізінен тура мағынада қолданылады. Өйткені ойын мен кәсіп атаулары нақты көрсетілген. Аталған ойын түрлеріне қатысты сәйкес келетін концептілерде сақталған астар мағына байқалмайды және қолданыстарда кездесе қоймайды.

*Синтаксистік құрылымы:* Бірдей құрылымдық формадағы екі тәуелсіз сөйлем, мұнда субъект (асық ойнаған, доп ойнаған) және предикат (озар, тозар) қатысқан.

*Логикалық байланыс:* Қарама-қарсы екі әрекетті салыстыру арқылы қарама-қайшылықты көрсетеді. Бір әрекет оң нәтижеге, екіншісі теріс нәтижеге әкеледі деп тұжырымдалады.

«Феминист болған озар, Сексист болған тозар». Сөздік құрамы: Мұндағы «феминист» және «сексист» сөздері әлеуметтік қозғалыстарды білдіреді. «Озар» және «тозар» сөздері алдыңғы мақалдағыдай қолданылған.

*Құрылымы:* Әлеуметтік терминдерді пайдалана отырып, контрастты көрсететін параллель тіркес.

*Семантикасы:* Гендерлік теңдікті қолдау табысқа, ал гендерлік дискриминация кері кетуге әкеледі дегенді білдіреді.

*Синтаксистік құрылымы:* Бірдей құрылымдық формадағы екі тәуелсіз сөйлем, мұнда субъект (феминист болған, сексист болған) және предикат (озар, тозар) қолданылған.

*Логикалық байланыс:* Гендерлік әрекеттерді салыстыру арқылы қарама-қайшылықты білдіреді. Феминизмді қолдау оң, ал сексизм теріс нәтижеге әкеледі деп тұжырымдалады.

2. Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды →← Жақсы әйел өзіне ұнамайтын іс қылмайды  
*Лингвистикалық талдау:* «Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды»

*Сөздік құрамы:* «Жақсы әйел» және «ері ұялар іс» тіркестері қолданылған. «Ұялар» сөзінің мағынасы – ұятқа қалу, намыстану.

*Құрылымы:* Әйелдің әрекеттері күйеуінің беделіне қатысты бағаланған.

*Семантикасы:* Әйелдің ерінің беделін сақтауы қажет деген моралдық нұсқау. Жалпы жұрт мақалды Абайдыкі дегенімен, біз дәлме-дәл осындай үзінді ақын шығармашылығында кездеспейтінін байқадық. Паремия негізі делінетін «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде «Ер ұялар іс қылмас қатын зерек» деген жол бар(<https://abai.alemi.kz/kz/post/view?id=286>). «Зерек қатын» тіркесіндегі «зерек» сөзі «аңғарымпаз, алғыр, ақылды» деген мағыналарға ие. Алайда мұны, дәл осы контексте, «жақсы» сөзімен мағыналас деуге келмейді. Мұның сыры осы жол кездесетін шумақтан алдыңғы шумақтарда жасырын жатыр.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,

Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! - деген шумақтағы соңғы екі жол автор «жақсы әйел» болудың алғашқы постулатты шартын айқындайды. Одан соңғы үш шумақта алдыңғы ойды толықтырады да, төртінші шумақтың алғашқы жолында:

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,  
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.

Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек – дей отырып «жақсы әйел» ассоциациясын шоғырландырады. Демек әйел бірден жақсы болып кетпейді. Әуелі «ақыл, ес, мінез» қалыптасытырып, «зеректік» танытса ғана «жақсы» атана алады. Сайып келгенде логикалық тіл «ердің ұяты ≈ әйелінің қасиеті мен әрекеті» дегенге меңзейді.

*Синтаксистік құрылымы:* Бір тиянақты сөйлем, мұнда субъект (жақсы әйел) және объект (ері ұялар іс) пен предикат (қылмайды) біріктірілген.

*Логикалық байланыс:* Әйелдің қасиеті мен әрекеттері ерінің беделіне ықпал ететіні туралы дәстүрлі логикалық байланыс. Субъект және оның әрекеті нәтижесінде пайда болатын әсер түсіндіріледі.

«Жақсы әйел өзіне ұнамайтын іс қылмайды»

*Сөздік құрамы:* «Жақсы әйел» және «өзіне ұнамайтын іс» тіркестері пайдаланылған.

*Құрылымы:* Әйелдің жеке қалауына негізделген моральдық нұсқау.

*Семантикасы:* Әйелдің өз таңдауына сәйкес әрекет етуі керек деген ойды білдіреді.

*Синтаксистік құрылымы:* Бір тиянақты сөйлем, мұнда субъект (жақсы әйел), объект (өзіне ұнамайтын іс), және предикат (қылмайды) біріктірілген.

*Логикалық байланыс:* Әйелдің қасиеті, әрекеттері оның жеке қалауына негізделген логикалық байланыс. Субъект және оның әрекеті нәтижесінде пайда болатын әсер түсіндіріледі.

3. Заман бұзыларда әуелі әйел бұзылады →← Заман бұзыларда әуелі еркек құтырады.

*Лингвистикалық талдау:* «Заман бұзыларда әуелі әйел бұзылады»

*Сөздік құрамы:* «Әйел бұзылады» тіркесі қолданылған. «Бұзылады» сөзі моральдық немесе мінез-құлықтық құлдырауды білдіреді.

*Құрылымы:* Әйелдердің қоғамдағы өзгерістерге алғашқы болып бейімделетінін білдіреді.

*Семантикасы:* Әлеуметтік немесе моральдық құндылықтардың өзгеруіне әйелдердің мінез-құлқы басты әсер етеді деген түсінік.

*Синтаксистік құрылымы:* Паремияны синтаксистік тұрғыда мезгіл мәнді жай сөйлемге жатқызамыз. Паремия құрылысына «қашан?» деген сауалға жауап беретін компонент (заман бұзыларда) және негізгі бөлік (әуелі әйел бұзылады) қатысқан. Алайда мұнда ойдың толымсыздығы байқалады. Олай деуімізге «әуелі» сөзі себеп. Егер «әуелі» болса, содан кейінгі ойдың да реті болуы заңдылық. Демек сөйлемді толымсыз деп тануға болады.

*Логикалық байланыс:* Логикалық тұрғыда уақыт пен әрекет байланысады. Синтаксистік сипатындағы толымсыздық осы логикалық үйлесімсіздіктен туып отыр. Жалпы сипаттамасына келсек, паремияны заман өзгергенде бірінші болып әйелдердің мінез-құлқы бұзылады, одан соң «х» бұзылады деген реттілікпен түсіндіруге болады.

«Заман бұзыларда әуелі еркек құтырады»

*Сөздік құрамы:* «Еркек құтырады» тіркесіндегі «құтырады» сөзі ер адамдардың, контекст бойынша айтсақ, «желігуін, қағынуын» білдіреді. Заманның бұзылуы алдыңғы талдаудағыдай мезгілді және оқиғаның реттілігін, салдарын көрсетеді.

*Құрылымы:* Ер адамдардың мінез-құлқын қоғамдағы өзгерістерге байланыстырады.

*Семантикасы:* Әлеуметтік немесе моральдық құндылықтардың өзгеруіне ер адамдардың мінез-құлқы басты себеп, ал салдары – заманның бұзылуы.

*Синтаксистік құрылымы:* Антипаремия алдыңғы дұрыс мақалдың құрылымымен тең дәрежеде. Толымсыз сөйлем келесі әрекет субъектісі «х»-ті қажет етеді.

*Логикалық байланыс:* Мұнда да субъектілер реті бойынша бір процеске түсетінін меңзейді. Қалай болғанда да субъектілер арасындағы байланыс байқалады. Процестен тыс қалу жайлы паремияда да антипаремиядада мүлдем айтылмаған.

4. Бір қыз тұрмысқа шықса, Мың қыз түс көреді →← Бір қыз жетістікке жетсе, Мың қыз шабыттанады

*Лингвистикалық талдау:* «Бір қыз тұрмысқа шықса, Мың қыз түс көреді»

*Сөздік құрамы:* «Тұрмысқа шықса» және «түс көреді» тіркестері қолданылған. «Түс көру» – армандау мағынасында.

*Құрылымы:* Жеке оқиғаға әсер ететін жанама әсерлерді сипаттайды.

*Семантикасы:* Тұрмысқа шығуды үлкен жетістік ретінде көрсетеді.

*Синтаксистік құрылымы:* Бір шартты бағыныңқы сөйлем, мұнда шартты бөлік (бір қыз тұрмысқа шықса) және негізгі бөлік (мың қыз түс көреді) қатысқан.

*Логикалық байланыс:* Шартты жағдай мен нәтиже арасындағы логикалық байланыс көрсетіледі. Бір оқиға басқа бір оқиғаға (тұрмысқа шығу арманына) әсер етеді.

«Бір қыз жетістікке жетсе, Мың қыз шабыттанады»

*Сөздік құрамы:* «Жетістікке жетсе» және «шабыттанады» тіркестері пайдаланылған.

*Құрылымы:* Жеке жетістіктің жалпыға әсерін сипаттайды.

*Семантикасы:* Жетістікке жету басқа қыздарға мотивация беретінін көрсетеді.

*Синтаксистік құрылымы:* Бір шартты бағыныңқы сөйлем, мұнда шартты бөлік (бір қыз жетістікке жетсе) және негізгі бөлік (мың қыз шабыттанады) біріктірілген.

*Логикалық байланыс:* Шартты жағдай мен нәтиже арасындағы логикалық байланыс көрсетіледі. Бір оқиға басқа бір оқиғаға (жетістік шабытқа) әсер етеді.

5. Қайтып келген қыз жаман →← Қайтып келген қызда нелерің бар?

*Лингвистикалық талдау:* «Қайтып келген қыз жаман»

*Сөздік құрамы:* Қайтып келген – тұрмыстан қайтқан, ажырасқан.

Қыз – контексте тұрмыста болған әйел адамды білдіреді.

Жаман – теріс баға, жағымсыздықты білдіреді.

Құрылымы – тұрмыстық процеске деген негативті жалпы көзқарасты білдіреді.

*Семантикасы:* Ажырасқан қыз төркініне жек көрінішті болады дегенді білдіреді.

*Синтаксистік құрылымы:* паремияда тиянақты ой баяндалады. Мұнда субъект (қайтып келген қыз) және предикат (жаман) қатысқан.

*Логикалық байланыс:* Субъект пен оның қасиеті арасындағы логикалық байланыс. Қайтып келген қыздың мінез-құлқына аксиологиялық тұрғыда теріс баға беріледі.

«Қайтып келген қызда нелерің бар?»

*Сөздік құрамы:*

Қайтып келген – тұрмыстан қайтқан, ажырасқан.

Қыз – контексте тұрмыста болған әйел адамды білдіреді.

Нелерің бар? – сұраулы тіркес, жағымсыз пікірге күмән білдіреді.

*Құрылымы:* Негативті көзқарасқа деген үшінші тараптан берілген сұрау.

*Семантикасы:* Ажырасқан қызға қолдау және оның жеке өмірінде жалпы жұрттың не жұмысы барын сұрап, «жеке өмір шекарасын» бұзбауды талап қылады.

*Синтаксистік құрылымы:* Бір сұраулы сөйлем, мұнда субъект (қайтып келген қыз) және объект (нелерің бар) қатысқан.

*Логикалық байланыс:* Субъектке қатысты неге теріс баға беріліп тұрғаны туралы сұрақ. Бұл логикалық құрылым теріс пікірдің негізсіздігін сұрақ ретінде көтереді.

6. Екі әйел басы қосылса, Үшінші әйелдің соры →← Екі әйел қосылса, Үшінші әйелдің қолдауы

*Лингвистикалық талдау:*

«Екі әйел басы қосылса, Үшінші әйелдің соры»

*Сөздік құрамы:*

Екі әйел – Әйел адамдардың саны.

Басы қосылса – Бірігу, бірлесу.

Үшінші әйел – Басқа бір әйел, жағдайға тікелей қатыспайтын тұлға.

Соры – Бақытсыздық, қиындық.

*Құрылымы:* Екі әйелдің бірігуі үшінші әйелге қиындық әкеледі деген түсінік.

*Семантикасы:* «Басы қосылу» деген сөздің бірігу, кеңесу, үйлену деген бірнеше мағынасы бар. Нақ осы мақалда «әңгімелесу, кеңесу, ақылдасу, мәжіліс құру» мәні көрсетіліп тұр деуге негіз бар. Себебі мақалдың тағы бір инвариантында «Екі қатынның басы қосылса, базар болар» деп келеді. «Балалы үй – базар, Баласыз үй – мазар» делінетін нұсқасындағы «базар» лексемасы позитивті коннотацияда болғанымен, қазақ танымындағы «базар»-дың «әңгімелесетін, жаңалық еститін орын» екенін де естен шығармау қажет. Әйел адамдардың кеңесуінің, әңгімелесуінің тағы бір негативті коннотациясына теңестірілетін сөз – «өсек». Яғни жинап, жүйелесек паремияда «екі әйел қосылса, келесі әйелдің сыртынан әңгіме айтылып, тағдыры шешіледі» деген ауыс мағына қолданылыған. Мұнда «сор – бақытсыздық» мағынасындағы тура мағына емес, сыртынан өсектеу арқылы үшінші әйелді күндейді деген түсінік берілген деп топшылаймыз.

*Синтаксистік құрылымы:* Шартты бағыныңқы сөйлем. Шартты бөлік «екі әйел басы қосылса» және негізгі бөлік «үшінші әйелдің соры».

*Логикалық байланыс:* Бірінші жағдай орындалса (екі әйелдің қосылуы), басқа жағдайға (үшінші әйелге қиындық) әкеледі деген стереотипті тұжырым.

«Екі әйел қосылса, Үшінші әйелдің қолдауы»

Сөздік құрамы:

Екі әйел – Әйел адамдардың саны.

Қосылса – Бірігу, бірлесу.

Үшінші әйел – Басқа бір әйел.

Қолдауы – Жәрдем, қолдау көрсету.

*Құрылымы:* Үшінші әйелге қолдау екі әйел яғни көп боп біріккенде ғана көрсетіледі деген түсінік.

*Семантикасы:* Мұнда антипаремия мазмұны дұрыс паремияның мазмұны мен құндылығына қарсы екені айқын көрініс тапқан. «Екі әйел қосылып өсектемейді, керісінше қолдайды» деген мағыналық қабаты соның дәлелі. Бұл жағдайда автор дұрыс паремия астарын түсініп, мақсатты бұрыс паремия жасауға тырысқан. Бұлай ерекшелеу себебіміз, авторлар көптеген антипаремияларды жасау барысында мақал-мәтелдің астар мағынасын түсінбей, жаңа паремия жасауға тырысады. Біздіңше, ондай бұрыс паремияларды антипаремия деу орынсыз секілді.

*Синтаксистік құрылымы:* Синтаксистік құрылымы алдыңғы дұрыс нұсқасымен шамалас.

*Логикалық байланыс:* Гендерлік мәселенің ішіндегі «бір жыныстылар арасындағы бірін-бірі» қолдау мәдениеті мақалдың логикалық байланысына әсер еткен секілді. Оның үстіне қазақ танымындағы «бірлік күшіне сенім» екі паремиядан да көрініс тапқан секілді. «Бірлік күшіне сену» қазақ халқының басқа паремияларының да пайда болу

уәжіне айналған десек қателеспейміз. Қазақ танымындағы «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді», «Көп түкірсе, көл болар», мақалдарында  $n=s*a$  теңдеуімен пара-пар шарттылық байқалады. Мұндағы:  $n$  – нәтиже;  $s$  – атқарушы саны ( $s \geq 1$ );  $a$  (көп күш қажет ететін әрекет қиындығының мәні)  $=1/2$ . Мысалы: Біздің жағдайда атқарушы  $s=2$  тең. Олай болса  $n=2*1/2=1$ . Мұндағы екі(2) әйел бірігіп жасаған жұмыс яғни өсек нәтижесі  $n=1$  болып отыр. Заңдылыққа сүйене отырып кішкене өсектің айтушысына қарай үлкен жала немесе қауесетке айналып ұлғаюы мүмкін екенін аңғарамыз. Қазақ паремияларына тән осындай логикалық заңдылықтарды анықтап, жүйелеу өте маңызды. Бұл арқылы біз мақал-мәтелдерді тек тақырыптық топтарға жіктеумен шектелмей, олардың энтотлингвистикалық алгоритмін де жасай аламыз. Осылайша қазақ халқының танымы мен ойлау жүйесінің заңдылықтарын анықтауға жаңа жол ашылады деп сенеміз.

Жоғарыдағы назарымызға ілігіп, талдау объектімізге айналған антипаремиялар 2024 жылдың 28 мамырында жарияланған. Пост 44 күннің ішінде 2987 лүпіл, 119 пікір жинаған. Посттағы антипаремиялардың прагма-потенциясын осы сандық деректер мен пікірдегі оқырмандардың реакциясы мен жазбаларынан аңғаруға болады. Жалпы 97,5% пікір қалдырушы әйелдер қауымы. Сәйкесінше қолдауға негізделген, ұсынысы қоса айтылған пікірлер мол.

### Қорытынды

Паремиялар негізін ежелгі дәуірлерден алып жатқанымен, әрі статикалық әрі динамикалық құбылыс деуге келеді. Олардың динамикалық күйін антипаремиялардан көре аламыз. Талданған антипаремиялар да осы сөзімізге дәлел бола алады. Біршама дұрыс (дәстүрлі) қолданыстарды қарастыру кезінде ілкі паремия мен антипаремия арасындағы алшақтықты анықтауға мүмкіндік алдық. Тақырып бойынша қарастырылған диапазон соншалықты кең дей алмаймыз, алайда қазіргі гендерлік антипаремиялардың көпшілігін феминистік бағыттағы антиперемиялар құрайтынына көзіміз жетіп отыр. Олай болуының негізгі себебі де халық санасындағы паремиялардың стереотиптік қуаты болса керек. Сол таптаурындарға деген қарсылықты таныту мақсатында жасалған антипаремиялардан патриархалды қоғамға деген қарсылыққа қоса ерлер қауымына деген реніш пен ашуды да байқадық. Әлемдік ахуалды бажайлап қарасақ, бұндай құбылыс осы бағытта жұмыс жасайтын авторлар мен қоғамдастықтарға тән құбылыс екенін аңғарамыз. Алайда антипаремияларды жасау барысында кейбір авторлар негізді уәждеме мен символизм, ауыспалы мағына деген маңызды факторларды елемейді. Мұның салдары негізгі паремия мен дәстүрлі инварианттарды дұрыс түсінбеуге алып келуі мүмкін. Антипаремияларды іздестіру барысында байқағанмыз: авторлар мен желі қолданушыларының біразы әйелдерге қатысты паремияларда мизогиндік сипат мол десе, біразы мизандриялық коннотациялар байқалады дейді. Бұл алдағы зерттеу тақырыбымызға айналары сөзсіз. Паремиялық қорды жинақтау және топтау жұмыстары да толық жүргізіліп болды деп айта алмаймыз. Соған қарамастан ескеретін жайттың бірі, жинақталған паремияларды тақырыптық жағынан ғана топтастыру жеткіліксіз. Паремияларды кешенді зерделеу



келесідей қадамдардан тұруы қажет: зерттеу жұмыстары мен қолданыста жүрген талдауларды саралап, паремиялардың түсіндірме және функционалдық сөздігін түзу; жинақталған сөздік бойынша паремиялардың мүмкіндігінше этимологиясына бойлау. Бұл паремиялардың шығу тегі мен семантикасын анықтауға мүмкіндік береді; осы кезеңге дейінгі тақырыптық топтарға жіктеп келген паремиялардың морфологиялық, синтаксистік және логикалық құрылысын айқындау; мұнан соңғы әрекет жинақталған мәліметтерге сүйене отырып дәстүрлі қазақ ойлау жүйесінің алгоритмін жасау. Міне, осындай қадамдардан кейін паремиялық қор қайта тіріліп, ұлттық таным мен ойлау жүйесін айқындауда негізгі рөл атқара алады.

### Авторлардың қосқан үлесі.

**Қ.Т. Бибеков** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, әдебиетпен жұмыс, тілдік материалдар жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

**Ө.Қ. Абдиров** – зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Омарбекова Г. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу барысы. Болашақ зерттеулерге ұсыныс // А.Яссауи университеті. Түркология институты. Түркология. – Түркістан, 2022. - Т. 2 (110) . - Б. 121-140.
2. Mieder W. Antisprichwörter. Verlag für deutsche Sprache. – USA: Indiana University, 1983. - Vol. 2. – 235 p.
3. Норман Б.Ю. Лингвистическая прагматика (на материале русского и других славянских языков). – Минск: БГУ, 2009. – 183 с.
4. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
5. Aasland Erik. Contrasting two Kazakh proverbial calls to action: using discourse ecologies to understand proverb meaning – making // Proverbium: Yearbook of International Proverb Scholarship. - New York: Peter Lang, 2024. – Vol. 41. No. 1. - P.1-10.
6. Игисинава А.С., Раева Г.М. Қазақ әйелінің болмысын сипаттайтын ұлттық прецедентті феномендер // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы». – Алматы, 2022. – Т. 64, № 1. – Б. 93-108
7. Құнанбайұлы А. Қара сөздері: 5-сөз. [Электронды ресурс]. URL: <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=22> (қаралған күні: 15.03.2024)
8. Йүкнәкий Ә. Этәбәтул һәқайиқ. – Алмута: МИР, 2018. – 104 б.
9. Әлімгерейұлы Ө. Ат айналып қазығын табады. Мерейлі мекен. [Электронды ресурс]. URL: <https://merei-m.kz/2021/02/27/at-ajnalyp-azy-yn-tabady/> (қаралған күні: 15.03.2024)
10. Алдабергенқызы Т. Ат айналып қазығын табады, Жарасқан айналып Нәзігін табады. [Электронды ресурс]. URL: <https://turkystan.kz/article/75281-at-aynalyp-azy-yn-tabady-zharas-anaynalyp-n-zigin-tabady> (қаралған күні: 15.03.2024)

11. Вальтер Х., Мокиенко В.М. Прикольный словарь (антипословицы и антиафоризмы). – Москва: Олма Медиа Групп, 2004. – 381 с.

### References

1. Omarbekova G. Kazak makal-matelderinin zerttelu barysy. Bolashak zertteulerge usynys. [The process of studying Kazakh proverbs and sayings. Recommendation for future research], A. Yassau universiteti. Tyurkologiya instituty. Tyurkologiya [A. Yassawi University. Institute of Turkology. Turcology], 2 (110), 121-140 (2022). [in Kazakh]
2. Mieder W. Antisprichwörter. Verlag für deutsche Sprache. (Indiana University, USA, 1983, Vol. 2, 235 p.). [in German]
3. Norman B.Yu. Lingvisticheskaya pragmatika (na material russkogo I drugikh slavyanskikh) [Linguistic pragmatics (based on the material of Russian and other Slavic languages)] (BSU, Minsk, 2009, 183 p.). [in Russian]
4. Kaidar A.T. Khalyk danalygy (kazak makal-matelderinin tusindirme sozdigi zhane zertteu) [Folk wisdom (Explanatory Dictionary of Kazakh proverbs and research)] (Tolganai-T, Almaty, 2004, 560 p.). [in Kazakh]
5. Aasland Erik. Contrasting two Kazakh proverbial calls to action: using discourse ecologies to understand proverb meaning – making // Proverbium: Yearbook of International Proverb Scholarship, 41, 1, 1-10 (2024).
6. Iginova A.S., Raeva G.M. Kazak aielinin bolmysyn sipattaityn ulttyk pretsedentti fenomender [National precedent phenomena characterizing the nature of the Kazakh woman], Abylai khan atyndagy KazKhK zhane ATU khabarshysy, Filologiya gylymdar seriyasy [Bulletin of the Kazakh National University named after abylai Khan, "series of Philological Sciences"], 64, 1, 93-108 (2022). [in Kazakh]
7. Kunanbaiuly A. Kara sozderi: 5-soz [Words of edification: word 5.] [Electronic resource]. Available at: <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=22> (Accessed: 15.03.2024). [in Kazakh]
8. Iuknakii A. Atabatul hakaiik. (MIR, Almaty, 2018, 104 p.). [in Bashkir]
9. Alimgereiuly O. At ainalyp kazagyn tabady. Mereili meken [The horse finds the peg spinning. Mereyli address]. [Electronic resource]. Available at: <https://merei-m.kz/2021/02/27/at-ajnalyp-azy-yn-tabady/> (Accessed: 15.03.2024). [in Kazakh]
10. Aldabergenkyzy T. At ainalyp kazagyn tabady, Zharaskan ainalyp nazigin tabady [The horse will find the peg, the Fit will find the tender]. [Electronic resource]. Available at: <https://turkystan.kz/article/75281-at-aynalyp-azy-yn-tabady-zharas-an-aynalyp-n-zigin-tabady> (Accessed: 15.03.2024). [in Kazakh]
11. Valter Kh., Mokienko V.M. Prikol'nyi slovar' (antiposlovitsy I antiafarizmy) [Funny dictionary (anti-theologians and anti-aphorisms)] (Olma Media grup, 2004, 381 p.). [in Russian]

**О.К. Абдиров, К.Т. Бибеков**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Обзор гендерных антипаремий на казахском языке в сети instagram**

**Аннотация.** Статья посвящена некоторым гендерным антипаремиям на казахском языке, распространяемым в Instagram. В исследовательской работе были рассмотрены гендерные антипаремии в казахской сети Instagram и даны их описания. В рамках темы проанализированы собранные материалы, проанализированы содержание, ценность и структура. В ходе обсуждения прагматическое влияние антипаремий на общество определялось статистическим методом. Объясняется содержание и цель создания антипаремий, дается характеристика, сравнимая с традиционными инвариантами. При описании были учтены лексико-семантические, синтаксические особенности, сделаны этнолингвистические выводы об источниках и причинах возникновения пословиц. При определении мотивов создания некоторых антипаремий и традиционной структуры казахских пословиц использовались логические анализы и приемы.

Комплексное изучение паремий должно состоять из следующих этапов: анализа исследовательских работ и существующих анализов, составление толкового и функционального словаря паремий, а также максимально возможное углубление в этимологию паремий на основе составленного словаря. Это позволяет определить происхождение и семантику паремий. Определить морфологическую, синтаксическую и логическую структуру паремий, которые к настоящему моменту были классифицированы по тематическим группам, и на основе собранных данных создать алгоритм традиционной казахской системы мышления. Только после таких шагов паремический фонд может быть возрожден и сыграть ключевую роль в определении национального знания и мышления.

**Ключевые слова:** антипаремия, антипословица, гендерная лингвистика, паремиология.

**O.K. Abdirov, K.T. Bibekov**

*L.N. Gumiliyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Review of Gender Antiparems in the Kazakh Language on the Instagram Network**

**Abstract.** The article is devoted to some gender antiparems in the Kazakh language, distributed on Instagram. The research work examined gender antiparems in the Kazakh Instagram network and gave their descriptions. Within the framework of the topic, the collected materials were analyzed, the content, value and structure were analyzed. During the discussion, the pragmatic influence of antiparems on society was determined using a statistical method. The content and purpose of creating antiparems is explained, and a characteristic comparable to traditional invariants is given. The description took into account lexico-semantic and syntactic features and made ethnolinguistic conclusions about the sources and reasons for the emergence of proverbs. When determining the motives for the creation of some antiproverbs and the traditional structure of Kazakh proverbs, logical analyzes and techniques were used.

A comprehensive study of paremias should consist of the following stages: analysis of research works and existing analyses, compilation of an explanatory and functional dictionary of paremias, as well as the greatest possible depth in the etymology of paremias based on the compiled dictionary. This allows us to determine the origin and semantics of paremias. Determine the morphological, syntactic and logical structure of paremias, which have so far been classified by thematic groups, and create an algorithm of the traditional Kazakh system of thinking based on the collected data. Only after such steps can the paremic fund be revived and play a key role in determining national knowledge and thinking.

**Keywords:** antiparemia, antiproverb, gender linguistics, paremiology.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Абдиров Ө.Қ.** – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Бибеков Қ.Т.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Abdirov O.K.** – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Bibekov K.T.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).